

пед. кең.

БҰЙРЫҚ № 3

29.08.2025ж.

«Педагогикалық кеңес құрамын жасақтау туралы»

2025-2026 оқу жылында педагогикалық кеңестің жұмысын жүйелі ұйымдастыру мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Педагогикалық кеңестің құрамы төмендегідей құрамда бекітілсін:
 - 1) Төрайымы : Тұрмағамбетова Ш.С.,
 - 2) Хатшысы : Рахимова А.К.
 - 3) Мүшелері: балабақша педагогтері мен мамандары.
2. Педагогикалық кеңес өз қызметін бекітілген жылдық жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырсын.
3. Педагогикалық кеңес отырыстарының хаттамалары белгіленген тәртіппен және уақытылы жүргізілсін.
4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Балабақша басшысы



Ш.С. Тұрмағамбетова

«Бекітемін»
«Нұрсая» балабақшасы
басшысы Ш.С.Тұрмағамбетова



29 тамыз 2025ж.

2025-2026 оқу жылының педагогикалық кеңес жоспары

Педагогикалық кеңестерді дайындау және өткізу

Мақсаты: Тәрбиелу-оқыту процесінің деңгейін көтеру үшін ұжымның жұмысын белсенді ету, практикада педагогикалық ғылыми жетістіктер мен озық тәжірибе түрлерін қолдану, балаларды сауықтыру, тәрбиелеу, оқыту және дамытуда педагогтардың жана пікірлерімен толықтыру.

№	Атқарылатын жұмыстар	мерзімі	жауапты
1	№1 педагогикалық кеңес тақырыбы: «2025-2026 оқу жылындағы балабақшаның тәрбие-білім беру жұмысының басым бағыттары» Мақсаты: Жаңа оқу жылында тәрбие мен оқыту үрдісін тиімді ұйымдастыру. 1.«Білім келешегі: адал-азамат-кәсіби маман» 2. 2025-2026 оқу жылына арналған құжаттарды талқылау және бекіту: -жылдық мақсаттар мен міндеттерді нақтылау -оқу жоспарын бекіту. -ҮІӨ-нің үйлестіру кестесін талдау; -перспективалық жоспарларды жүйелеу, -топтардағы күн тәртібін нақтылау. 3.Балалардың қауіпсіздігі мен денсаулығын сақтау, қауіпсіздік ережелеріне арналған әдістемелікті үнемі басшылыққа алып отыру. 4.Педагогикалық тренинг «Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс» 5.№1 Педкеңесті шешімі,	тамыз	Менгеруші, әдіскер
2	№2 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Ойын арқылы сөйлеуді дамыту – баланың таным көкжиегін кеңейтудің негізі» Мақсаты: балалардың сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін дамытуда ойын түрлерінің тиімді әдіс-тәсілдерін қарастыру. Міндеттері:	қараша	Әдіскер

	-Коммуникативтік дамыту саласы бойынша жұмыс сапасын талдау; -Тәрбиешілердің іс-тәжірибесін талдау арқылы әдістемелік қолдау көрсету, -Сөйлеуді дамытуға бағытталған ойындармен таныстыру. Күн тәртібі: 1. Баяндамалар 2. Мониторинг нәтижелері 3. Тәжірибе алмасу (тәрбиешілер сөзі) 4. Қортынды ,шешімдер		Ересек аралас топ тәрбиешілері менгеруші
3	№3 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Балабақша мен әлеуметтік серіктестер (ата-ана, мектеп) арасындағы ынтымақтастық : баланың ортаға бейімделуін қолдау» Мақсаты: Балабақша мен отбасы, мектеп арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы баланың әлеуметтік бейімделуіне , әлеуметті педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау. 1.№2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі; 2. «Әкелер мектебі »жобасы –отбасы рөлін нығайтудың бір жолы; 3. «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауаттылықты қалыптастыру» 4.Ішкі тәртіп 5.№3 педкеңестің шешімі	Қаңтар	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер
4	№4 педагогикалық кеңес тақырыбы: «Баланың жан-жақты дамуына бағытталған дамытушы орта өкру-сапалы тәрбиенің кепілі» Мақсаты: Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай дамытушы ортаны тиімді ұйымдастыру жолдарын қарастыру. Міндеттері: -дамытушы ортаның талаптарға сай ұйымдастырылуын саралау -Тәрбиешілердің шығармашылық әлеуетін арттыру -Баланың еркін дамуына жағдай жасау	Наурыз	Менгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

	жолдарын көрсету. Күн тәртібі: 1.Баяндамалар (Денсаулық, Таным,Шығармашылық бағыттары бойынша) 2.Фото\бейне баян таныстырылым 3. Ашық ой алаңы- пікір алмасу, 4.Шешім қабылдау.		
5.	5. Педагогикалық кеңес тақырыбы: «Нәтиже мен тәжірибе –дамуға бастар жол» Мақсаты: Балабақшадағы барлық іс-әрекеттердің нәтижесін және әр педагогтың жеке жұмысын қорытындылау,тәрбие-білім беру үрдісін талдау Күн тәртібі: 1.№4педагогикалық кеңестің шешімдердің орындалуы 2. Барлық педагог- тәрбиешілердің жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есебі 3. 2025-2026 оқу жылының мамыр айындағы балалардың білім деңгейінің сапасы бойынша мониторинг нәтижесі. 4. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау 5.Жазғы сауықтыру-шынықтыруы жұмыстарын ұйымдастырудың жоспарымен таныстыру,талқылау және бекіту. 6. Қорытынды тренинг «Осу мен өзгеріс жолында» №5 педагогикалық кеңестің шешімі	мамыр	Меңгеруші, әдіскер, тәрбиешілер

**«ИП Архат» «Нұрсая» жеке балабақшасының
№1 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

29.08.2025ж

Қатысты- 3 педагог

Қатыспағаны-0

Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылындағы балабақшаның тәрбиелеу-білім беру жұмысының басым бағыттары»

Мақсаты: 2025- 2026 жана оқу жылында тәрбиеу мен оқыту жұмысын ұйымдастыру. 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстыру.

Күн тәртібінде :

1. 2025-2026 оқу жылындағы балабақшаның тәрбие –білім беру жұмысының басым бағыттары «Білім келешегі : адал азамат-кәсіби білім»

2. 2025-2026 оқу жылына арналған құжаттарды талқылау және бекіту:

-жылдық мақсаттар мен міндеттер

-оқу жоспары

-ҰІӨ-нің үйлестіру кестесін талдау;

-перспективалық жоспарларды жүйселеу,

-топтардың күн тәртібі

3. Педагогикалық тренинг «Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы : бүгінгі сұраныс»

4. Педагогикалық кеңестің шешімін қабылдау және бекіту.

№2 Педкеңеске тапсырма

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ш.С. Тұрмағамбетова сөз алып, барлық педагогтарды жаңа оқу жылымен құттықтай отырып, 2025-2026 оқу жылындағы тәрбие –білім беру жұмысының басым бағыттарымен таныстырды.

Жаңа оқу жылындағы негізгі бағыт –тәрбие мен оқытуды үйлестіре отырып, адал, жауапты, білімді тұлға қалыптастыру екені атап өтілді.

«Білім келешегі : адал азамат- кәсіби маман» тақырыбы аясында:

- Балалардың адамгершілік құндылықтарын дамыту;
- Ұлттық тәрбие элементтерін енгізу
- Шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін арттыру
- Қауіпсіздік пен психологиялық қолдау жұмыстарын көшейту қажеттілігі айтылды.

Екінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Шолпан Сәндібекқызы 2025-2026 оқу жылына арналған негізгі құжаттарға тоқталды. 2025-2026 оқу жылында тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хатпен таныстырды. Қарастырылды:

- Жылдық мақсаттар мен міндеттер – нақты өлшенетін нәтиже арқылы жоспарланды
- Оқу жоспары-мемлекеттік стандартқа сәкес ұсынылды
- ҰІӨ (ұйымдастырылған іс-әрекет) кесетесі- балалардың жас ерекшелігіне сай құрастырылды.
- Перспективалық жоспарлар- жүйеленіп, бірізділік сақталған
- Күн тәртібі – балалардың денсаулығы мен дамуына сәйкес реттелген.

Педагогтар тарапынан ұсыныстар айтылып, толықтырулар енгізілді.

Үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиеші А.К.Рахимова «Мектепке дейінгі ұйым педагогының кәсіби дамуы: бүгінгі сұраныс» тақырыбында тренинг өткізді.

Тренинг барысында:

- Педагогтардың кәсіби құзыреттіліктері
- Заманауи педагогтың бейнесі
- Эмоционалды күйді басқару
- Күйзелістің алдын алу
- Мотивацияны арттыру бойынша практикалық тапсырмалар орындалды, барлық педагог-тәрбиешілер белсенді қатысып, өз ойларымен бөлісті.

Балабақша әдіскері жазғы сауықтыру- шынықтыру іс-шараларының жоспар бойынша уақытыл өткізіленігі туралы айтып өтті.

Педагогикалық кеңестің шешімі:

1. 2025-2026 оқу жылындағы тәрбие –білім беру жұмысының басым бағыттары бекітілсін
2. «Білім келешегі: адал азамат-кәсіби маман» бағыты негізге алынсын.
3. Ұсынылған барлық құжаттар:
 - *жылдық жоспар
 - *Оқу жоспары
 - *ҰІӨ кесетесі
 - *перспективалық жоспарлар
 - *күн тәртібі бекітілсін және жұмысқа енгізілсін.

Төрайымы:
Хатшы



Ш.С.Тұрмағамбетова
А.К.Рахимова

**«ИП Архат» «Нұрсая» жеке балабақшасының
№2 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

26.11.2025ж

Қатысты- педагог

Қатыспағаны-0

Тақырыбы: «Ойын арқылы сөйлеуді дамыту-баланың таным көкжиегін кеңейтудің негізі»

Мақсаты: балалардың сөздік қорын, сөйлеу мәдениетін дамытуда ойын түрлерінің тиімді әдіс-тәсілдерін қарастыру.

Күн тәртібі:

- 1.Баяндамалар
2. Мониторинг нәтижелері
- 3.Тәжірибе алмасу (тәрбиешілердің сөзі)
- 4.Қорытынды шешімдер

Бірінші мәселе бойынша баяндамалар тыңдалды:

Балабақша әдіскері Шолпан Сәндібекқызы Тұрмағамбетова «Ойын арқылы сөйлеуді дамыту-баланың таным көкжиегін кеңейтудің негізі» тақырыбында баяндама жасады.

Баяндама барысында:

- *мектепке дейінгі ұйымдардағы сөйлеуді дамыту жұмысының маңыздылығы;
- *Коммуникативтік дамыту саласының негізгі бағыттары (сөйлеу мәдениеті,сөздік қор, байланыстырып сөйлеу, дыбыстық мәдениет);
- *Ойын технологиясының педагогикалық мүмкіндіктері;
- *Сюжеттік-рөлдік ,дидактикалық,қимылды және театрландырылған ойындардың тиімділігі;
- *Балалардың сөздік қорын байытуда заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану (интерактивті ойындар, мнемотехника, QR-код элементтері) туралы айтылды.

Сөйледі: Тәрбиеші Г.Ш. Кажғалиева –ойын арқылы сөйлеуді дамыту баланың еркін қарым-қатынас жасауына, өз ойын толық жеткізуіне ықпал ететінін атап өтті.

Екінші мәселе : Мониторинг нәтижелері балабақша әдіскері Ш.С.Тұрмағамбетова 2025-2026 оқу жылының қыркүйек айында өткізілген бастапқы мониторинг нәтижелерімен таныстырды. Нәтижелер жалпы балабақшаның топтары бойынша орташа пайыздық көрсеткіші.

*жоғары деңгей- 45%

*орта деңгей—35%

*төмен деңгей-25% пайыздық мөлшерді көрсетті,деді.

Талдау барысында кейбір балалардың байланыстырып сөйлеу және дыбыстарды дұрыс айту көрсеткіштері төмен екені анықталды.

Ұсыныстар:

- *балалардың сөйлеу белсенділігін арттыруға бағытталған ойындарды жүйелі енгізу;
 - *балалармен жүргізілетін жеке жұмысты күшейту;
 - *Ата-аналармен бірлескен тіл дамыту шарларын ұйымдастыру.
- Үшінші мәселе : Тәжірибе алмасу

Тыңдалды:

Тәрбиеші А.К. Рахимова -«Сюжетті-рөлдік ойындар арқылы байланыстырып сөйлеуді дамыту» тақырыбында өз іс-тәжірибесімен бөлісті

Тәрбиеші : Дидактикалық ойындар арқылы сөздік қорды байыту» бағытындағы жұмыстарын көрсетті.

Басшысы Ш.С. Тұрмағамбетова театрландырылған ойындар мен қойылымдардың балалардың тілін дамытудағы рөлі туралы айтып, түрлі театр түрлерімен (қуыршақ, саусақ, көленке, қолғап (фетранан жасалған) т.б. таныстырды.

Қорытынды шешімдер.

Педагогикалық кеңес төмендегідей шешім қабылдады:

- 1.Қатынас дамыту саласы бойынша жүргізілетін жұмыстарда ойын технологияларын жүйелі түрде қолдану;
- 2.Әр топта сөйлеуді дамытуға арналған ойын картотекаларын жаңарту (уақыты дейін 25.12.2025ж.);
3. Төмен деңгей көрсеткен тәрбиеленушілермен жүргізілетін жеке жұмыс жоспарын әзірлеу;
- 4.Ата-аналарға арналған «Ойын арқылы тіл дамыту» тақырыбында шеберлік сағатын ұйымдастыру;
5. Аралық мониторингке дейін тіл дамыту көрсеткіштері бойынша жұмыстану;
- 6.Тәрбиешілердің үздік іс-тәжірибелерін балабақшаішілік семинарда тарату.

Төрайымы:

Хатшы



Тұрмағамбетова Ш.С.

Рахимова А.К.

**«ИП Архат» «Нұрсая» жеке балабақшасының
кезектен тыс педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

12.12.2025ж

Қатысты- 3педагог

Күн тәртібінде :

1. «Батыс Қазақстан облысының білім саласында Сапалы қамтамасыз ету департаментінің басшысы 2025 жылғы 27 қарашадағы «2026 жылығы мемлекеттік аттестациядан өтетін мектепке дейінгі ұйымдар тізімі»

Осы мәселе бойынша балабақша меңгерушісі Ш.С. Тұрмағамбетова, барлық педагог-тәрбиешілерді « Батыс Қазақстан облысының білім саласында Сапаны қамтамасыз ету департаментінің басшысы З.Гумарованың 2025 жылғы 11 қарашадағы «2026 жылығы мемлекеттік аттестациядан өтетін мектепке дейінгі ұйымдар тізімімен» таныстырды. Меңгеруші уақыттын аз екендігін айтып өтті,себебі «ИП Архат», тізім бойынша 2026 жылдың маусым айына тұрмыз, барлық мемлекеттік аттестацияға қажетті құжаттарды, яғни үш жылдың 2023-2024,2024-2025,2025-2026 оқу жылдарының барлық құжаттары салынады, соларды дайындау қажет, деп тапсырма берді.

Дайындалатын құжаттар тізімі:

- 1.Құрылтайшы құжаттары
- 2.Оқу –тәрбие жұмысының құжаттары (оқу жоспарлары, ҰІӨ кестесі, Күн тәртібі, топтрадың жас ерекшелігіне сай преспективалық жоспарлары мен циклограммалары, ата-аналармен жұмыс жоспарлары, педагогикалық, әдістемелік, кеңес беру пункті хаттамалары,т.б.,)
- 3.Тәрбиеленушілердің үш жылдық континетті, кірген шыққан бұйрықтары ,тізімі.
- 4.Бастапқы және қорытынды мониторинг нәтижелері, жеке даму карталары баланың үш жылға;
5. Оқу әдістемелік жұмыстар (педагогикалық кеңес, әдістемелік кеңес, кеңес беру пунктінің, қамқоршылық кеңестің, сыбайлас жемқорыққа қарсы жұмыс жоспарлары мен хаттамаларының болуы;
6. Кадрлық құрамға талдау (мектепке дейінгі білім ібойынша диплом немесе мектепке дейінгі оқытудан өткен куәлігі мен сертификаты, білім жеттілдіру курстары, білім деңгейінің санаты болуы)
- 7.Әдістемелік ұсынымдардың 4,5-қосымшалары, және балабақшаның сайтын ашау жұмыстары жүргізілу керек ,деді. Себебі дайын болған құжаттардың барлығы балабақша сайтына ілінеді, деп ,түсіндірді.

Шешімі:

- 1.Балабақшаның барлық құжаттары мемлекеттік аттестациядан өтуге дайындалсын.
- 2.Өзін –өзі бағалау комиссиясы құрамы бекітіліп, аттестациядан өтуге құжаттарды дайындасын.

Төрайымы:

Хатшы:

Тұрмағамбетова Ш.С.

Рахимова А.К.

**«ИП Архат» «Нұрсая» жеке балабақшасының
№3 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

28.01.2026ж

Қатысты- 3педагог

Қатыспағаны-0

Тақырыбы: «Балабақша мен әлеуметтік серіктестер (ата-ана,мектеп) арасындағы ынтымақтастық : баланың ортаға бейімделуін қолдау»

Мақсаты:

Балабақша мен отбасы, мектеп арасындағы өзара іс-қимылды күшейту арқылы баланың әлеуметтік бейімделуіне , әлеуметті –педагогикалық қолдау көрсетуге жағдай жасау.

Күн тәртібінде:

- 1.№2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалу есебі
2. «Әкелер жобасы»- отбасы рөлін нығайтудың бір жолы
3. Баяндама «Мектеп жасына дейігі балаларда құқықтық сауатылықты қалыптастыру»
- 4.Педагогикалық кеңестің шешім жобасын қабылдау және бекіту.

Бірінші мәселе бойынша тыңдалды:

Балабақша әдіскері Ш.С. Тұрмағамбетова №2 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы есеп берді.

Есеп барысында келесі жұмыстар атқарылғаны айтылды:

*Тәрбиешілер кәсіби құзыретілігін арттыру мақсатында білім көтеру курстарына қатысып ,сертификаттар алды.;

*Балалардың тіл дамыту ,танымдық белсенділігін арттыру бағытында ойын технологияларының жаңа түрлері қолданылды;

*Ата-аналармен байланыс нығайтылып,ата-аналар жиналыстары мен ашық іс-шаралар өткізілді;

*Балалардың психологиялық жай –күйін бақылау бойынша психолог-тәрбиешілер тарапынан жұмыстар жүргізілді.

* Мемлекеттік аттестациядан өтуге құжаттар жинақталуда ,аттестациядан өту уақыты мамыр айына ауыстырылды.

Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде педагогтердің тәжірибе аламуы күшейіп, ата-аналармен байланыс жақсарғаны атап өтілді.

Сөйлегендер: Тәрбиеші Г.Ш. Кенжеғалиева жүргізілген жұмыстардың нәтижесінде балалардың белсенділігі артқанын айтты.

Шешімі:

- 1.№2 педагогикалық кеңестің шешімдері орындалды деп есептелсін;
- 2.Жүргізілген жұмыстарды жалғастыру ұсынылсын;
- 3.Педагогтердің тәжірибе алмасуын тұрақты ұйымдастыру әдіскерге жүктелсін.

2-мәселе бойынша тыңдалды:

Тәрбиеші «Әкелер мектебі» жобасы туралы баяндама жасады. Баяндамада әкенің бала тәрбиесіндегі рөлі ерекше екендігі атап өтілді. Жоба аясында келесі жұмыстар ұйымдастырылатынын жоспарымен таныстырды:

*Әкелермен кездесі және дөңгелек үстелдер;

*Спорттық жарыстар;

* «Әке мен бала» бірлескен іс-шаралары;

*Тәрбиелік мәні бар тренинтер

Жобаның мақсаты—әкелердің бала тәрбиесіне белсенді қатысуын арттыру және отбасы құндылықтарын нығайту.

Сөйлегендер: тәрбиеші А.К. Рахимова әкелердің балабақша өміріне қатысуы, балалардың эмоцианалдық дамуына оң әсер ететінін айтты.

Шешімі:

1. «Әкелер мектебі» жобасы балабақшада жүйелі түрде жүргізілісін;
2. Әкелерді қатыстыру арқылы бірлескен тәрбиелік, ұлттық тұрғыдағы іс-шаралар жоспары жасалсын;
3. Жоба нәтижелері тоқсан сайын талданып отырсын.

3-мәселе бойынша тыңдалды:

Тәрбиеші Г.Ш. Кажғалиева «Мектеп жасына дейінгі балаларда құқықтық сауатылықты қалыптастыру» тақырыбында баяндама жасады. Баяндамада балалардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру ерте жастан басталуы керектігі айтылды.

Педагогтерге келесі ұсыныстар берілді:

*балалар құқығы туралы түсінікті ойын арқылы түсіндіру;

*Тәрбие сағаттары мен әңгімелер өткізу;

* «Менің құқығым» тақырыбында көрнекіліктер қолдану;

*Ата-аналармен бірлескен жұмыстар жүргізу.

Сөйлегендер: тәрбиеші құқықтық тәрбие балалардың өзін қорғау қабілетін қалыптастыратынын атап өтті.

Шешімі:

1.Балалардың құқықтық сауаттылығын қалыптастыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілсін;

2.Құқықтық тәрбиеге арналған әдістемелік материалдар педагогтерге ұсынылсын.

3.Ата-аналар арасында түсіндіру жұмыстары ұйымдастырылсын

№3 педагогикалық кеңес шешімі:

1.Балабақша мен ата-ана, мектеп арасындағы ынтымақтастықты дамыту жұмыстары жалғастырылсын;

2.Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттыру үшін педагогтердің тәжірибе алмасу жұмыстары ұйымдастырылсын

3.Қабылданған шешімдердің орындалуын бақылау балабақша әкімшілігіне жүктелсін.

Төрайымы:
Хатшы



Тұрмағамбетова І.І.
Рахимова А.К.

**«ИП Архат» «Нурсая» жеке балабақшасының
№4 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

31.03.2026ж

Қатысты- 3педагог
Қатыспағаны-0

Тақырыбы: «Баланың жан-жақты дамуына бағытталған дамытушы орта құру-сапалы тәрбиенің негізі »

Максаты: Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сай дамытушы ортаны тиімді ұйымдастыру жолдарын қарастыру.

Міндеттері:

- дамытушы ортаның талаптарға сай ұйымдастырылуын саралау
- Тәрбиешілердің шығармашылық әлеуетін арттыру
- Баланың еркін дамуына жағдай жасау жолдарын көрсету.

Күн тәртібі:

1. Баяндамалар (Дене,Таным,Шығармашылық бағыттары бойынша)
2. Фото\ бейнематериалдар таныстырылым
3. Ашық ой-пікір алапы
4. Ағымдағы мәселелер

Бірінші мәселе бойынша: баяндамашы Ш.С. Тұрмағамбетона баланың жан-жақты дамуына бағытталған дамытушы ортаның маңыздылығы туралы баяндады.Тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған орта олардың танымдық,денежәне шығармашылық қабілеттерін дамытуға ықпал ететіні айтылды. Дамытушы ортаны ұйымдастыруда қауіпсіздік,қолжетімділік, мазмұндылық және жаңашылдық қағидаларын сақтау қажеттілігі атын өтілді.

2-ші мәселе бойынша сөз сөйлеген тәрбиеші А.К.Рахимова педагогтарды топтардағы дамытушы ортаның ұйымдастырылуы бойынша фото және бейне материалдар бейнематериалдармен таныстырды.Әр топтағы оқу-тәрбиелеу процесіне арналған орталықтардың жұмыс көрсетіліп ,тиімді тәжірибелермен бөлісті.

3-ші мәселе бойынша сөз сөйлеген тәрбиешілер Г.Ш.Кажалиева педагогтар дамытушы ортаны жетілдіру,балалардың қызығушылығын арттыру, жаңа дидактикалық құралдарды пайдалану және ата-аналарды орта құру жұмыстарына тарту жөнінде өз пікірлерін білдірді.

4-ші мәселе бойынша

Мектепке дейінгі ұйымның ағымдағы жұмыстары туралы ақпарат берілді.Сонын ішінде мемлекеттік аттестация құжатарының дайындығына тоқтала отырып әдіскер Шолпан Сәндібекқызы «Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын

Қауды етті :

1. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес дамытушы органы ұйымдастыр жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылысын,
2. Дене, таным, шығармашылық бағыттары бойынша ұйымдастырлағн органын тиімділігіне тұрақты мониторинг жүргізілсін.
3. Педагогтардың шығармашылық әлеуетін арттыру мақсатында тәжірибе аламасу, шеберлік сағаттары ұйымдастырылсын
4. Ұйымдастырылатын іс-шаралар жоспарының сапалы орындалуы камтамасыз етілсін.

Төрайым

Хатшы

Тұрмағамбетова Ш.С.

Рахимова А.К.

**«ИПАрхат» «Нұрсая» жеке балабақшасының
№5 педагогикалық кеңесінің
хаттамасы**

Қатысты- 3педагог
Қатыспағаны-0

28.05.2026ж

Тақырыбы: «2025-2026 оқу жылының қорытындылары»

Максаты: Балабақшаның оқу- тәрбие жұмысының жағдайын талдау,оқу жылының қорытындыларын шығару және келесі оқу жылына арналған жұмыс бағыттарын айқындау.

Күн тәртібі:

- 1.№4педагогикалық кеңестің шешімдердің орындалуы;
 - 2.Педагогтардың жыл бойы атқарған жұмыстары бойынша есеп, тәрбиешілердің жұмыстарының есебі
 - 3.2025-2026 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасуы бойынша сараптама(мониторинг)
 4. Аттестациядан өтуге өтініш қабылдау
 5. Жазғы сауықтыру-шынықтыру шараларын талқылау және бекіту
- Қорытынды -тренинг «Өсу мен өзгеріс жолында»

Педагогикалық кеңес барысы

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша сөз сөйлеген балабақша басшысы Ш.С. Тұрмағамбетова №4 педагогикалық кеңесте қабылданған шешімдердің орындалуы туралы ақпарат берді. Топтардағы дамытушы ортаны жетілдірік педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру және балалардың жан-жақты дамуына жағдай жасау бағытындағы жұмыстардың орындалғаны атап өтілді.

Екінші мәселе бойынша сөз сөйлеген балабақша тәрбиешілері жыл бойы атқарылған жұмыстардың қорытынды есебін ұсынды. Тәрбие -білім беру үрдісінде қол жеткізілген жетістіктер ,өткізілген іс-шаралар мен инновациялық әдістер таныстырылды.

Үшінші мәселе бойынша балабақша тәрбиеші Г.Ш. Кажғалиева 2025-2026 оқу жылының мамыр айындағы балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейіне жүргізілген мониторинг нәтижелерімен таныстырды. Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік және шығармашылық даму көрсеткіштері сарапталды.

Төртінші мәселе бойынша сөз сойлеген балабақша меңгерушісі Ш.С. Тұрмағамбетова барлық педагогтарды оқу жылының аяқталуымен құттықтай отырып алдағы мемлекеттік аттестациядан абыроймен өтуді тіледі.Биылғы оқу жылында «Өрлеу» БАҰО-нан курстан өтуге талап білдірген тәрбиешілерге сәттілік тіледі.Сонымен ,қатар аттестациядан өтуге ниет білдірген педагогтердің өтініштерімен таныстырып, қажетті құжаттарды қабылдау жүргізілгенін хабарлады.

Бесінші мәселе бойынша балабақша әдіскері Шолпан Сәндібекқызы жазғы сауықтыру

–шынықтыруу кезеңіне арналған іс-шаралар жоспарын таныстырды. Балалардын қауіпсіздігін сақтау, денсаулығын нығайту және бос уақытын тиімді ұйымдастыру бағытындағы жұмыс жоспары талқыланды.

Алтыншы мәселе бойынша педагогтар «Осу және өзгеріс жолында» атты қысқартылған тренингке қатысып, оқу жылы барысында жинақталған тәжірибелерімен бөлісті, алдағы оқу жылына ұсыныстар берілді.

Қаулы етті:

1. №4 педагогикалық кеңестің шешімдері толық орындалды деп есептелсін
2. Педагогтердің 2025-2026 оқу жылындағы жұмыстары «қанағатандырарлық» деп, бағалансын.
3. Балалардың негізгі құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейі бойынша жүргізілген мониторинг жұмыстарының қорытындылары назарға алынсын.
4. Аттестациядан өтуге өтініш білдірген педагогтердің құжаттары белгілінген тәртіппен рәсімделіп, тиісті орындарға жолдансын, жеткілікті балл жинай алмаған педагогтер, қайтадан тест тапсыруға барсын.
5. Жазғы сауықтыру шараларының жоспары бекітіліп, оның сапалы орындалуы қамтасыз етілсін. Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыру бойынша әдістемлік ұсынымдар басшылыққа алынсын.
6. Келесі оқу жылында тәрбие–білім беру жұмыстарының сапасын арттыру және педагогтардың біліктілік санатын көтеру бағытындағы жұмыстар жалғастырылсын. Осы қаулының орындалуын бақылау балабақша меңгерушісіне жүктелсін.

Төрайым:

Хатшы:



Тұрмағамбетова Ш.С.

Рахимова А.К.